

№/с	Жұмыс мазмұны	Мақсаты	Жұмыстың нәтижесі	Анықтанып отырған	Жауапты
1	Баланы мектепке даярлау барысында отбасы мен мектептің бірлеске жұмыстары туралы ата-аналарға кеңес беру.	Ата-аналардың мектепке дейінгі баланы дағдыландыруға көмектесуі.	Кеңес беру, сауалнама	Қыркүйек	Психолог-педагог
2	Мектеп-бүлм ортасы Психологиялық-педагогикалық ортасы	Жалпы ата-аналар арасындағы психологиялық жағдайды бақылау.	Аяғу жұмысы	Қыркүйек	Психолог-педагог
3	Аутоарсесия мінез-құлықтың ауысуы Ау бопыша ата-аналармен аяғу жұмыстары.	8 сынып ата-аналарына	Кеңес беру, аяғу жұмыстары	Қазан	Психолог-педагог
4	Түсік болып, қанға білім беріне- Жетер қолы ой-мүлденіс беріне	3 сынып ата-аналарына	Кеңес беру, аяғу жұмыстары	Қазан	Психолог-педагог
5	«Өмірдің түсі, өмірдің нұры-өзгеріс»	5 сынып ата-аналарына	Кеңес беру, балаларға	Қазан	Психолог-педагог
6	Ұрпақтың тек құрметіне-ақыл қос	2 сынып ата-аналарына	Өмірменесу, кеңес беру	Қазан	Психолог-педагог
7	Ең жоғарғы тәрбие-сөзбен тәрбиесу	4 сынып ата-аналарына	Кеңес беру, аяғу жұмыстары	Қазан	Психолог-педагог
8	«Баланың дағдыдан ізде»	7 сынып ата-аналарымен	Бақылау, өмірменесу	Қазан	Психолог-педагог
9	«Жеткіншек шақтың психологиялық ерекшеліктері»	8 сынып ата-аналарымен	Кеңес беру, аяғу жұмыстары	Қараша	Психолог-педагог
10	11 сынып оқушыларының ата-аналарына психологиялық кеңестер. «Аутоарсесия әрекетін ауысу-ауы» ата-аналардың сауалнама нәтижесімен таныстыру	11 сынып ата-аналарына	Кеңес беру, аяғу жұмыстары	Қараша	Психолог-педагог
11	Жасөспірім шақты оқушылардың психологиялық ерекшеліктері	10 сынып ата-аналарына	Кеңес беру, аяғу жұмыстары	Қараша	Психолог-педагог
12	1 жарты жылдық қорытынды бойынша ата-аналар жиналысының өткізу.	5-11 сынып ата-аналарымен		Желтоқсан	Психолог-педагог

Психолог-педагогтар:
 С.Азиева
 А.Көпеева

**«Болашақ» мектеп – гимназиясында «Ұлтына, жұртына қызмет ету –
білімнен емес, дұрыс берілген тәрбиеден» атты ата-аналар
жиналысының
Хаттамасы**

Күн тәртібінде:

1. 2021-2022 оқу жылына арналған жұмыс жоспары
2. «Ел ертені – жас ұрпақ» әлеуметтік педагогтардың 2021-2022 о.ж. атқарылатын жұмыстарының есебі
3. «Ата-ананың баласымен қарым-қатынас құру құпиясы» педагог-психологтардың 2021-2022 о.ж атқарылатын жұмыстарының есебі
4. 2021-2022 о.ж. тәрбие саласының атқарылатын жұмыстарының есебі
5. Қамқоршылық кеңесінің мүшелеріне сөз
6. қорытынды

Қатысқандар:

Мектеп-гимназия директоры: Ж.Қ.Нұрқұл
Бастауыш сыныптар бойынша оқу ісінің орынбасары: Ұ.Нұрмағанбетова
Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Ұ.Досалиева
Педагог-психолог: С.Азимбаева, А.Көпеева
Әлеуметтік педагог: А.Даулетова, З.Бектаева
Қамқоршылық кеңесінің төрайымы: Б.М.Ысмайыл
Сынып жетекшілер

Тыңдалды:

Баланың бүгінгі істеген қадамы ертеңгі тұлға ретінде қалыптасуына үлкен әсер етеді. Отбасындағы күллі ғажайыптардың ішіндегі ең тамашасы – жақсы тәрбиеленген бала. Баласына саналы тәлім-тәрбие берген жақсы ата-анадан өнеге алар бала ешқашан да жамандыққа бармайды. Ол үшін ата-ана баланы дұрыс түсіне білуді үйрену керек, оны тыңдай және өзін де тыңдата білуі қажет.

«Ел ертені - жас ұрпақ» тақырыбында келесі сөз кезегін мектептің әлеуметтік педагогы А.Даулетова жалғастырды. Ол 2021-2022 оқу жылындағы мектептің әлеуметтік саласы бойынша атқарылатын жұмыстарын атап көрсетті. Соның ішінде оқушылардың ыстық тамақпен қамтамасыз етілуі, үкімет тарапынан, демеушілер тарапынан берілетін оқу құралдары мен мектеп формалары жайында өз есебін берді.

Педагог-психолог С.Азимбаева ата-аналарға баламен қалай қарым-қатынас жасау керек құпияларын түсіндіріп өтті. Сонымен қатар, 1 сынып оқушыларының мектепке дайындығын анықтау мақсатында Керн-Йерасек әдістемесінің психодиагностикалық зерттеу жұмысының алдына қойған мақсатымен таныстырды. Бұл әдістемеге мектептің 145 1-ші сынып оқушыларының 142-сі қатысқанын, оқушылардың танымдық қабілеттерін

зерттеу мақсатында алынған жұмыс нәтижесінің қорытындысын көрсетті. Сондай-ақ 2-4 сынып оқушылары арасында оқушылардың логикасы, еріктілік және кеністі қабылдау дәрежесін анықтау мақсатында зерттеу жұмыстарының нәтижесімен бөлісті.

Құқықбұзушылықтың аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу, болдырмау мақсатында жасалатын жұмыс жоспары, мектепшілік есепте тұратын оқушылармен атқарылатын түзету жұмыстары, сынып жетекшілер бірлестігімен және де қоғамдық үйірме жетекшілерімен бірлесе ұйымдастырылып жүргізетін жұмыстармен директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ұ.Досалиева таныстырып өтті.

Жиналыстың сонын қамқоршылық кеңесінің төрайымы Б.Ысмайыл қорытындылады. Ол өз сөзінде, қазіргі заманның балаларын өткен XX ғасырдың балаларымен салыстыруға келмейтіндігін, сондықтан да қазір балалардың тәрбиесіне көп көңіл бөлінуі керек екендігін айтып өтті. Көп ата-аналар «жұмыстан қол тимейді» деп, бала тәрбиесіне көп зейін бөлмей жүргені анық. Өткен ғасырда да ата-аналар жұмыс жасады, бірақ ол кезде бүгінгі таңдағыдай болған жоқ. Мысалы: теледидардан санаулы ғана мультфильмдер көрсететін, атыс-шабыс киноларды сирек көрсететін, компьютер, неше түрлі ойын-жабдықтары, т.б жоқ болатын. Ал, қазір сонын барлығы кез-келген үйден табылады. Бала сабақтан келе сала теледидар алдына немесе компьютер алдында отырады. Оның өзі қаншалықты зиян екенін біле тұра солай. Әрине, заман талабына сай білуі керек, бірақ шектеулі түрде болғаны дұрыс. Жұмыстан келген соң ата-ана балаға екі сағаттай көңіл бөліп, егжей-тегжейіне дейін түсіндіріп, дос ретінде сөйлескені жөн. «Қазіргі заманның балаларына қатты дауыс көтеріп сөйлеуге болмайды» десек те болады. Олар көп ашуланшақ және жүрекпен қабылдайды. Бірақ, тіпті, ұрыспай еркелетіп жіберуге де болмайды. Кейде әкесінен я анасынан аяқ тартатындай етіп тәрбиелеу керек. Өйткені еліміздің болашағы өсіп келе жатқан өскелең жас ұрпақтың қолында деп қорытынды жасады.

Қаулы:

1. 2021-2022 о.ж. атқарылатын әлеуметтік-педагогтардың жұмыс жоспары жоспарға сай орындалсын
2. 2021-2022 о.ж. атқарылатын педагог-психологтардың жұмыс жоспары жоспарға сай орындалсын
3. 2021-2022 о.ж. атқарылатын ДТЖО-ның жұмыс жоспары жоспарға сай орындалсын
4. Қамқоршылық кеңесі тарапынан мектеп пен ата-ана арасындағы байланыс бақылауға алынып отырсын.

Мектеп-гимназия директоры:  Ж.Қ.Нұркүл
ДТЖО:  Ұ. Досалиева



**«Тәрбиенің ең тамаша мекені-отбасы»
атты 5- сыныптар бойынша ата-
аналар жиналысы ұйымдастырылды.**



14.10.2021ж



*«Отбасы бақыт мекені» атты 6
сыныптар бойынша ата-аналар
жиналысы ұйымдастырылды.*



Отбасылық құндылықтарды

насихаттау, бала тәрбиесіне қатысты кеңестер беру, баламен қарым-қатынас құру құпияларымен бөлісу, ата-ана мен бала арасындағы түсініспеушіліктің алдын-алу мақсатында "Ата-аналармен бір күн" ұйымдастырылып, "ХХІ ғасырдағы бала тәрбиесі" Адам. Қоғам.

Құндылық, тақырыбында ата-аналармен және оқушылармен барлық сыныптарда ата-аналар жиналыстары

өткізілді. Жиналыс барысында психолог мамандар оқушыларымыздың

психологиялық ахуалын жақсарту мақсатында атқарылып жатқан

жұмыстарына тоқталды. Ата-аналар тарапынан қойылған сұрақтарға сынып

жетекшілер мен тиісті мамандар жауап беріп ой салатын тренинг ретінде талқыланды.

Алдағы уақытта да санитарлық талаптарды сақтай отырып, ата-аналар жиналыстарын ұйымдастыру жүйелі түрде жүргізілуде.



Санат: Баспа және 2

Нұсқаулар

Комментарий

Поделись



"Болашақ" мектеп-гимназиясында сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің "Сынып жетекшісі - тәрбие жүйесінің негізгі ұйытқысы" атты психолог мамандармен бірлесе отырып семинар-тренинг өткізілді. Семинардың мақсаты: Бала тәрбиесіндегі сынып жетекші жұмысын жандандыру. Психологиялық көмек көрсетіп, тәжірибе алмасу арқылы оқушылар бойындағы өзгерістерді біріге отырып шешу жолдарын түсіндіру. Сынып жетекшілер өздеріне қажетті көптеген дүниелермен бөлісті. Осындай ауқымды семинар-тренингтер алдағы уақытта көптеп өткізу жүйелі жолға қойылып отыр.



Жұлдыз Эсалиева и еще 5

Приветсва

Комментирова

Поделился



Публикация в Едином классе не доступна



Ата-аналар

жиналысының тақырыбы:

«Мектеп пен жаңа бірлігі-
оқушыларды жан-жақты
дамытудың бірден-бір жолы»

Мақсаты: Отбасы тәрбиесі баланы тәрбиелеудің бірден-бір формасы болып табылады. Қазіргі қоғамдағы баланы тәрбиелеудегі міндет мектеп пен отбасы арасындағы ынтымақтастықты нығайту.




Қатты тәртіп көрсетсе бала күнінде,
Өнерімен қуантатын түбінде
Бала немі білсе жастаң, ұлдан,
Өле-өлгенше соны таныр киядан,
Өнер, білім берем десең басыңнан,
Бер оқуға бақырды жасыңнан
Ата-анадан өсіп ұрпақ тараған,
Жақсы-жаман болса бала солардан,
Жүсіп Баласағұн

Бекітемін:
Мектеп-гимназия
директоры: Ж.Қ.Нұрқұл

К/с	Ата-аналар жиналысының барысы	Уақыты	Өтілетін орыны	Жауапты
I Кіріспе				
1	Қатысушыларды тіркеу	Сағ 17 ⁰⁰ -17 ¹⁰	АКТ зал	Ж.Пірназарова Г.Дәуітбаева Мектеп-гимназия директоры: Ж.Қ.Нұрқұл
2	Ата-аналар жиналысының ашылуы	Сағ 17 ¹⁰ -17 ²⁰		
II Негізгі бөлім				
3	I жарты жылдықтың қорытынды білім сапасы.	Сағ 17 ²⁰ -17 ³⁰		9 «Г» сынып жетекшісі: З.Тұяқ
4	Оқушылардың сабаққа қызығушылығын анықтау мақсатында сұхбат алу.	Сағ 17 ³⁰ -17 ⁴⁰		9 «В» сынып жетекшісі: Д.Тазабекова
5	«Алақандай құралдың алапаттай зияны»	Сағ 17 ⁴⁰ -17 ⁵⁰	АКТ зал	9 «Ә» сынып жетекшісі: Ұ.Алмаханова
6	Мамандық таңдау бойынша зерттеу жұмыстарының қорытындысымен таныстыру. «БЕСТЕРЕК» жобасы аясында жасалған жұмыстар нәтижесі. Ата-аналармен сауалнама жұмыстарын жүргізу.	Сағ 17 ⁵⁰ -18 ⁰⁰		Педагог-психолог: С.Азимбаева А.Әблахан
7	Ой бөлісу. Ата-аналардың және қонақтардың пікірлерін тыңдау. Кері байланыс.	Сағ 18 ⁰⁰ -18 ¹⁰		А.Даниярова С.Наженова
8	Ата-аналар жиналысын қорытындылау			Мектеп-гимназия директоры: Ж.Қ.Нұрқұл



Өз баланызды жақсы
көріңіз,
мейлі ол талантты, мейлі ол
талантсыз болсын



Сіз қандай ата-анасыз?

Сауалнама

1. Кез-келген ісіңізді тастай салып, баламен айналыса аласыз ба? 3
2. Балаңыздың жасына қарамай, онымен ақылдаса аласыз ба? 3
3. Балаңызбен қарым-қатынас барысында жасаған қателеріңізді мойындайсыз ба? 1
4. Өз қателігіңіз үшін балаңыздан кешірім сұрайсыз ба? 1
5. Балаңыздың ісі ашуландырған кезде, өзіңізді ұстап, ашуды жеңе аласыз ба? 2
6. Балаңыздың орнына өзіңізді қоя аласыз ба? 2
7. Бір сәтте сізге мейірімді адам деп сенуге болады ма? 3
8. Өзіңіздің басыңыздан өткен балалық шағыңыздан ескерілетін жағдай айтасыз ба? 2
9. Балаңыздың жүрегін жаракаттайтын сөздерді, сөйлем тіркестерін атамауға тырысасыз ба? 3
10. Балаңызға уәде беріп, жақсы мінез-құлқын ескере отырып, уәденізді орындайсыз ба? 3
11. Балаға қалаған ісін жасауға, өзін ұстауға кедергі жасамай бір күн еркіндік бересіз бе? 2
12. Басқа бала сіздің балаңызға дөрекілік көрсетсе, себепсіз ренжітсе көңіл аудармайсыз ба? 1
13. Балаңыздың көз жасы, дөрекі еркелеуі уақытша екенін білесіз, соған қарсы тұра аласыз ба? 3

Жауабы:

1. Әрқашан - 3 ұпай 28
2. Кейде - 2 ұпай
3. Келіспеймін - 1 ұпай

**«Сіз қандай ата-анасыз?» сауалнамасының
Анықтамасы**

Қатысқан ата-аналар саны: 20

1. Кез-келген ісіңізді тастай салып, баламен айналыса аласыз ба?
2. Балаңыздың жасына қарамай, онымен ақылдаса аласыз ба?
3. Балаңызбен қарым-қатынас барысында жасаған қателеріңізді мойындайсыз ба?
4. Өз қателігіңіз үшін балаңыздан кешірім сұрайсыз ба?
5. Балаңыздың ісі ашуландырған кезде, өзіңізді ұстап, ашуды жеңе аласыз ба?
6. Балаңыздың орнына өзіңізді қоя аласыз ба?
7. Бір сәтте сізге мейірімді адам деп сенуге болады ма?
8. Өзіңіздің басыңыздан өткен балалық шағыңыздан ескерілетін жағдай айтасыз ба?
9. Балаңыздың жүрегін жарақаттайтын сөздерді, сөйлем тіркестерін атамауға тырысасыз ба?
10. Балаңызға уәде беріп, жақсы мінез-құлқын ескере отырып, уәдеңізді орындайсыз ба?
11. Балаға қалаған ісін жасауға, өзін ұстауға кедергі жасамай бір күн еркіндік бересіз бе?
12. Басқа бала сіздің балаңызға дәрежелік көрсетсе, себепсіз ренжітсе көңіл аудармайсыз ба?
13. Балаңыздың көз жасы, дәрежелі еркелеуі уақытша екенін білесіз, соған қарсы тұра аласыз ба?

Жауабы:

1. Әрқашан - 3 ұпай
2. Кейде - 2 ұпай
3. Келіспеймін - 1 ұпай

0-16 - Бала тәрбиесі - сіз үшін үлкен проблема. Бала тұлғасын дұрыс қалыптастыру сізге қиындық туғызады.

17-30 - Балаға қамқорлық жасау - бірінші кезектегі маңызды іс. Сіздің бойыңызда тәрбиелік қабілет бар, тәжірибеде әрқашан бір қалыпты, бір бағыттағы мақсатпен әрекет етесіз. Кейде қатал, кейде мүлдем жұмсақсыз. Сізге жауапкершілікпен ойлану керек - **8 ата-ана**

31-39 - Бала сіздің өміріңіз үшін ең құнды болғаны. Сіз балаңызды тек түсініп қана қоймай, әрі ойын тануға, сыйлы көзбен қарауға тырысасыз - **12 ата-ана**

Мектеп өмірінен



«Болашақ» мектеп-гимназиясы

«Мектеппен отбасы бірігіп» болашақ ұрпақ тірлігі»

(ата-аналар жиналысы)

10.02.2022 жыл



Мектептің өзінің ұлдары мен қыздарын, тәртіпін
тәрбиелерін қолдауға, қорғауға міндетті.

Н.Ө. Нұрбаева

Ата-аналар жиынтығының тақырыбы:

«Мектеп пен отбасы бірлігі- болашақ ұрпақ тірлігі»

Мақсаты:

Мектеп пен отбасы арасындағы қарым-қатынасты нығайту жолдарын көрсету. Қарым-қатынасты нығайту әдіс-тәсілдерімен, тренингтік жаттығулармен және мектеп пен отбасы ынтымақтастығының тиімді жолдары ережесімен таныстыру.



«Көпестің»
Мектеп-тәртіпін
директоры



I. Кіріспе бөлімі

№	Ата-аналар жиынтығының бағдарламасы	Уақыты	Жауапты
1	Жолдау	16 ⁰⁰ -16 ³⁰	Қудайбергелі А. Кәрімова А

II. Негізгі бөлімі

№	Ата-аналар жиынтығының тақырыбы	Тану	Сынып	Уақыты	Өтілетін орын	Пән мұғалімі
1	«Сызбен оқушының»	орыс тілі	5 «Ә»	16 ³⁵ -17 ²⁰	310 каб	Әмірбаев М
2	Сыртқы және ішкі пішімдер ырқылы қисық пішімді бұйымды қып арамен көркемдеу аралау(ұлдар)	көркем еңбек	5 «Б»	16 ³⁵ -17 ²⁰	Шеберхан-жа	Әріпжан А
3	Дизайн, киімді макеттеу, костюм құрастыру(қыздар)	көркем еңбек	5 «Б»	16 ³⁵ -17 ²⁰	302 каб	Телипова Ф
4	Оңдық бөлшектерді қосу және аяйту.	математика	5 «В»	16 ³⁵ -17 ²⁰	304 каб	Тасқулова К
5	«Шырақ бағырдың ерлігі»	көздің тарихы	5 «Г»	16 ³⁵ -17 ²⁰	204 каб	Телипова С
6	«Промелькивающий метеор»	орыс тілі	5 «Д»	16 ³⁵ -17 ²⁰	202 каб	Куринайтисева М


Дополнительно

№	Дополнительно	Урпақ	Жауапты
1	«Мектеп пен отбасы бірлігі-болашақ тірлігі»	Урпақ	К.Телібергелі
2	Өзінен сабақтауға ата-аналармен көріс байланыс орнату.	Ата-аналар	ДЮЖО С.Каримов
3	Ішкі жағы жақындықтан білім сапасының қорытынды есебі.	ДЮЖО С.Каримов	Педагог-психологтар
4	«БЕСТЕРЕК» жобасы бойынша педагог-психологтардың атқарған жұмыстары	Педагог-психологтар	Салтанат жетекшілер
5	Тренинг: «Отбасы тәрбиесі»	Салтанат жетекшілер	Салтанат жетекшілер
6	Кері байланыс	Салтанат жетекшілер	Мектеп-тәртіпін директоры: Ж.Қ.Нұрбаева

«Болашақ» мектеп-гимназиясы

5 – ші сыныптар бойынша
«БЕСТЕРЕК» жобасы
аясында атқарылған
жұмыстармен ата-аналарды
таныстыру





«Болашақ» мектеп- гимназиясы

**2021-2022 оқу жылындағы
ата-аналармен атқарылатын
жұмыстар**

